

**"Ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 155 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 571 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 желтоқсанда № 12429 болып тіркелді

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 155 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10166 болып тіркелген, « Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 3 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ең озық қолжетімді технологиялар тізбесінде: 1-тараудың 3-тармағы 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«

2)	Былғары өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың сарқынды сулары	Орташаландыру, тұндыру, реагенттік өңдеу және ақшылтандыру	Бірінші кезеңге қосымша: аэротенкаларда биологиялық тазарту	Екінші кезеңге қосымша: жоғары сулы өсімдіктер бар тоғандарда соңына дейін тазарту
----	---	--	---	--

7-тараудың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«

3	Бөгетшені жобалау	Қауіптілігі төмен бөгетшенің авариялық төгіндісінің биіктігін есептеу үшін 100 жылдық кезеңде бір рет су басуды пайдалану. Қауіптілігі жоғары бөгетшенің авариялық төгіндісінің биіктігін есептеу үшін 5000-10000 жылдық кезеңде бір рет су басуды пайдалану. Өте жоғары бу қысымының қауіп-қатерін бағалау және бөгетше бөлшектерін салған кезде және құрылыстың барлық кезеңінде бу қысымына бақылау		
---	-------------------	--	--	--

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа

басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға  
ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін  
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат  
орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік  
к ә с і п о р н ы н а ж і б е р у д і ;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми  
интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында  
о р н а л а с т ы р у д ы ;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік  
тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика  
министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4)  
тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді  
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан  
Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі.

Энергетика министрі  
Қазақстан Республикасының  
В. Школьник

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А. Мамытбеков

20 қараша 2015 жыл

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
Ә. Исекешев

2015 жылғы 22 қазан

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Е. Досаев

2015 жылғы 9 қараша